

Ҳислати *А. Дур*  
№29 «Ал-Керим» бобекжай-  
бақиясинын менгеруши  
К.К. Сейдалиева

## «Жаңа жыл шамдары»



«Шұғыла» тобы

Тәрбиешілер: Бегалиева.А  
Манашева.А

Муз.жетекшісі:Саулимбаева.А

Шымкент 2022ж

**Жүргізуші:** Қош келдіңіз Жаңа жыл кешімізге,  
Жаңа табыс тілейік ісімізге.  
Келе жатқан жаңа жыл күт әкелсін,  
Мына отырған барша жан бәрімізге.

Армысыздар қадірлі қонақтар! Құрметті ата-аналар, жаны жайсан балалар. Бүгін «Шұғыла» ортаңғы тобының «Жаңа жыл шамдары!» атты ертенгілігімізге қош келіңіздер.

Балалалар мен сендерге жұмбақ жасырам, жұмбақтың жауабын тапсаңдар қазір қай мезгіл екенін табасыңдар.

**Жұмбақ:**

Аяз қысып, өрнек сызып  
Ұйытқып боран соғады.  
Айтыңдаршы балалар,  
Бұл қай мезгіл болады.

**Балалар:** Қыс мезгілі.

**Жүргізуші:** Дұрыс айтасындар. Қазір қыс мезгілі. Қыс мезгілінде күн суытып, қар жауады, боран болады, аяз болады. Балалар қыс мезгілінде қандай мерекені тойлаймыз? Жаңа жыл мерекесінің сәні неде?

**Балалар:** Жаңа жыл. Шырша.

**Жүргізуші:** Жарайсындар балалар. Ендеше кішкентай бүлдіршіндеріміздің жаңа жыл мерекесіне арналған тақпақтарын тамашалаңызар.

Жүзімде қуаныш,  
Әр көңілде жақсы үміт.  
Келе жатқан жаңа жыл,  
Әкелсін көп жақсылық.

Жаңа жылмен! Жаңа жылмен!

Құттықтаймыз әрине,  
Әкемізді, анамызды.  
Қонақтардың бәрінде,  
Жаңа жылда жаңаша.



Таппақ айтамыз,  
Болсын риза балаша,  
Аппақ Аяз атамыз.

Жүзімізге күлкі ойнап,  
Қанаттанды жанымыз.  
Жаңа жылды біз тойлап,  
Шаттанамыз бәріміз.

Тамаша, тамаша,  
Шыршамыз тұр жараса.  
Басында әсем жұлдызы,  
Көз тоймайды қараса.

Аппақ тоңға оранып,  
Базарлықты мол алып.  
Келді алыс сапардан,  
Аяз ата оранып.

(Әуен естіледі, залға Аю мен маша кіріп келеді)

**Аю:** Амансындарма қонақтар, амансындарма балалар. Мен Аюмын мұнда жануарлардың бәрің жиналыпсындар ғой. Мен осы шыршаны көп іздедім. Бұл мен іздеген шырша еді, мен бұл жерге балдардың аяқ іздері ала келді. Ал сендер болсаңдар бұл шыршаны безендіріп қойыпсындар. Сендерге не үшін керек бұл шырша.

**Жүргізуші:** Мен Аяз ата келді ғой деп едім, ал бұл Аю екен ғой. Амансың ба Аю, сен бізге қонаққа келдің бе?

**Аю:** Қайдағы қонақ, мен өзіме шырша іздеп едім, оны енді тапқанда сендер неге безендіріп қойдыңдар? Ол онсызда ормандағы ең әдемі де, үлпілдек шырша еді ғой.

**Жүргізуші:** Аю сен білмейсің бе бүгін бізде үлкен мереке ғой.

**Аю:** Ол қандай мереке.

**Жүргізуші:** Жаңа жыл мерекесі. Бұл мерекеде балалар мен үлкендердің барлығы шыршаны безендіріп оның шамдарын жағады. Ал біз аңдармен бірге ең әдемі шыршаны безендіріп, жаңа жылды осында қарсы аламыз білесің бе? Аю сен бізбен бірге боласыңба? Аю сен бізге ренжіме бізбен бірге ән салып, би билеп, ойын ойнап қуанышқа бөленгін.

Аю:Жарайды.

Жүргізуші:Олай болса Аю біздің аңдармен бірге би биле.

Би: «Аңдар»

Аю:Жарайсыңдар.Ал тағы қандай өнерлерің бар?

Жүргізуші:Біздің балаларымыздың тақпағын тамашала.

Келіңіздер,келіңіздер,

Биде билеп беріңіздер.

Қызығы мол аңа жылдың,

Тамашасын көріңіздер.

Мақтадай ақ дала қар,

Әркімде бір шана бар.

Домаласып,шуласып,

Сырғанайды балалар.

Аңсаған қыс келді,

Жауады көп ақша қар.

Аппақ ақ түске енді,

Жайқалған басқалар

Өлең де әзір,ән әзір,

Ойында әзір,бәрі әзір.

Кел жаңа жыл біздерге,

Кел жаңа жыл,жаңа жыл.

Аспан жерге төгеді,

Ақ күмісін уыстап.

Жаңа жылда келеді,

Бізге қарай жылыстап.

*(Әуен естіледі залға Ақшақар кіріп келеді)*

**Ақшақар:**Амансыңдар ма балалар!Сендер мені таныдыңдар ма,мен Ақшақармын.Мен қысқы ертегі әлеміннен өзіммен бірге ұлпа қарларымды әкелдім,мен сендердің дауыстарыңды естіп келдім.Мен сендерге ойын ала келдім.



Ойын: «Кім жылдам»

Жүргізуші: Ұлпа қарлар билейді,

Аяқтары жерге тимейді.

Жүргізуші: Ақсала саған жеңіл болдыма?

Ақсала: Ия. Рахмет сендерге қыздар. Сендер өте жаксы ойнайды екенсіндер.

Ақшақар: Балалар бізде өте қызық болуда, бірақ бізге бір нәрсе жетіспейді?

Балалар: Шырша шамдары.

Ақшақар: Олай болса шырша туралы әнімізді айтайық, мүмкін жанатын шығар.

Жүргізуші: Көрікті шыршамыз,

Шамдары самсаған.

Көңілді ортамыз,

Айтамыз шырқап ән.

Ән: «Шырша жыры»

Ақшақар: Балалар ол жанбай жатыр, не істесек екен, балалар Аяз атамыз келмеген екен ғой барлығымыз шақырайық.

Балалар: Аяз ата, Аяз ата.

Ақшақар: Естідіндер ме сықырды. (Әуен естіледі Аяз ата келеді)

Аяз ата: Амансындар ма ұлдарым,

Амансындар ма қыздарым.

Амансындар ма қонақтар,

Келіп қалдым сендерге.

Жаңа бақыт нұр алып,

Міне бүгін қызықты.

Жарқырайды шамдары,

Құттықтаймын сендерді.

Жаңа жылмен бүгінгі.

Ақшақар: Амансыз ба Аяз ата, біз балалармен сізді көп күтіп қалдық, сіз қайда болдыңыз?

Аяз ата Барлық орманды араладым, жемінілік таппадым. Барлық ағаштар аптақ. Аптақ түске боялып қысқа дайын екен. Ал кішкене бұлдіршіндер сіңдер мерекеге әбден дайындалыпсындар. Шыршаны әсемден ойыншыққа безендіріпсіңдер.

Жүргізуші: Ия Аяз ата. Бірақ шырша шамдары жанбай тұр ғой.

Ақшамқар: Кәнекей Аяз ата сикырлы таптыңызды тигізіп айналып шығамыз.

(Аяз ата таптып тигізіп айналып шығалы дшырша шамы жағалды)

Ақшамқар: Аяз ата отырыңыз кішкене бұлдіршіндердің өнерін тамашаланыз.

Ая: Олар өте өнерлі екен.

Әні: «Аяз ата»

Би: «Маша»

Жүргізуші: Балалардың такпактарын тамашаланыздар.

Құтты болсын ағайын,

Жана жылым тағы да.

Қол соғып қарсы алайық,

Шакырайық ортаға.

Келді тағы Жана жыл,

Қуантумен біздерді.

Құтты болсын қуаныш,

Құттықтаймыз сіздерді.

Аяз ата келіп тұр,

Бізге сәлем беріп тұр.

Такпак айтқан балаға,

Сыйлықтарын беріп тұр.

Қандай әсем шартарап,

Шаттық күйге бөлеп тұр.

Кәмпиттерін аркалап,

Аяз ата келіп тұр.

Жана жыл, Жана жыл,

Жана жылда, жана жыр.

Жасын шырына жанында,

Билеп барлық бала жүр.

Аяз ата Жарайсындар балалар, тағы қандай өнерлерін бар?

Жүргізуші: Біздің қыздарымыздың билерін тамашалаңыз.

Бил «Ақшақар»

Жүргізуші: Жарайсындар қыздар.

Жаңа жылды қарсы алдың,  
Мініп алып күймеге,  
Мен де бүгін ән салдым,  
Араластым биге де.

Оралдың өлкеме,  
Жаңа жыл армысың,  
Оранды ақ көрпеге,  
Асқар тау, қарлы шың.

Ақ қырауға малынған  
Сақалы да мұрты да,  
Аяз ата сағынған,  
Сәлем берді жұртына.

Безендіріп шыршаны  
Жыл қуантты баршаны,  
Той-маскарад басталды,  
Аяз оны басқарды.

Аппақ тонға оранып,  
Базарлықты мол алып,  
Келді алыс сапардан,  
Аяз ата оралып.

Қалып едік сағынып,  
Күтіп алдәқ жабылып,  
Жолын қойдық жарық қып,  
Шыршаларға шам іліп

Жаңа жылым мол болсын  
Басқан қадам оң болсын  
Төрле, төрле жаңа жыл  
Бізге құтты жол болсын.

\*\*\*



Аяз –ата ақ сақалды,  
Ақ таяқты паң ата,  
Асып өтіп асқар тауды  
Жеттің бізге таң ата

Тамаша.тамаша!  
Шыршамыз тұр жараса.  
Басында әсем жұлдызы

Ақшақар: Аяз ата бізге кішкене бұлдіршіндер өте тамаша өнерлерін көрсетті, сіз балаларға сыйлық әкелдіңіз бе?

Аяз ата: Әрине менің сыйлығым бар. Сендердің өнерлеріңе тәтті болдым. Сендерге өзіммен ала келген сыйлығымды берейік.

Ал енді бізді баскада кішкене бұлдіршіндер күтіп соларға барып олардың да өнерін көрейік. Сау болыңдар.

Балалар: Сау болыңыздар.

Жүргізуші: Жаңа жыл сіздерге,  
Жаңа бақыт әкелсін.  
Таусылмас күлкі қуаныш,  
Бейбітшілік әкелсін.

Кішкене бұлдіршіндеріңіз сіздерге күлкі, қуаныш сыйласын. Осымен ертеңгілігіміз аяқталды. Сау болыңыздар.











